

Жекеменшік балабақша ашу алгоритімі

Жекеменшік балабақша ашу үшін не қажет?

**«Білім туралы» ҚР Заңына сәйкес
(АҚ, ЖШС-нің) заңды тұлғаның болуы**

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
Министрлігінің 2017 жылғы 17 тамыздағы №615
бұйрығының талаптарына сәйкес,
балабақша ғимараты болуы тиіс**

**Алматы қаласы
Наурызбай аудандық
Қоғамдық
денсаулық сақтау
басқармасының
санитарлық-
эпидемиологиялық
қорытындысы
болуы қажет**

**Алматы қаласының
Кәсіпкерлік және
индустриялық-
инновациялық даму
басқармасынан
медициналық қызмет
(дәрігерге дейінгі)
үшін мемлекеттік
лицензиясы болуы
керек**

**Мектепке дейінгі
тәрбие және
оқыту саласында
қызметтің
басталуы туралы
электрондық
хабарламаның
болуы қажет**

Алматы қаласы Наурызбай аудандық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының санитарлық-эпидемиологиялық куәлігін қалай алуға болады (ҚР Денсаулық сақтау Министрінің м.а. 17.10.2017 ж №836 бұйрығы)

Ол үшін

Зерттеу хаттамасын алу

- 1. Ауыз суын бактериологиялық зерттеу**
- 2. Жарықтандыру және микроклиматикалық зерттеу**
- 3. Радиациялық қауіпсіздікті зерттеу**

(Ұлттық сараптама орталығында үй-жайдың жобалық сыйымдылығына байланысты 3-5 күндік мерзім ішінде дайын болады)

Өтініш пен тексеру хаттамасының көшірмесі Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына жіберіледі

Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесін қосу

Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының қызметкерлері балабақшаны қарауы

Қорытынды дайындау және беру

Алматы қаласы Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық дамыту басқармасынан медициналық қызметке (алдын-ала медициналық) мемлекеттік лицензия алу



Жалпы талаптар (ҚР 2014 жылғы 16 мамырдағы №202-V рұқсат және ескерту туралы Заңы)

Біліктілік талаптары (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік дамыту Министрлігінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы №27 бұйрығы)



1. Құжаттар тізімі.
2. Үлгі бойынша өтініш.
3. Медициналық қызметтің қажетті түрлерінің тізімі (жеке парақта).
4. Жеке тұлға үшін – жеке куәлігінің көшірмесі.
5. Жеке кәсіпкер үшін - өтініш берушінің жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі (салыстыру үшін түпнұсқаны ұсынбаған жағдайда нотариалды расталған түрін ұсыну).
6. Заңды тұлға үшін мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (қайта тіркеу).
7. «Электрондық үкімет» төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

1. Мемлекеттік меншік, жекеменшік немесе жалға беру құқығындағы үй-жайлар, ғимараттар (растайтын құжаттардың көшірмелері).
2. Медициналық және арнайы техниканың және құрал жабдықтардың, жаһаздардың, тауарлық-материальдық құндылықтардың, тасмалдау құралдарының (қажет болған жағдайда) медициналық қызметтің талап етілетін түрлеріне сәйкес (құрал-жабдықтар тізімі).
3. Медициналық қызметтің талап етілетін түрлеріне сәйкес тиісті білімінің болуы (диплом көшірмесі)
4. соңғы 5 жыл ішінде медицина қызметінде біліктілігін арттыру туралы растайтын құжаттар көшірмесі.
5. Санитарлық-эпидемиологиялық саладағы мамандарды қоспағанда тиісті мамандардың сертификатының болуы (сертификат көшірмесі).
6. Заңды тұлға үшін – медицина қызметкерлері туралы деректермен растайтын, медицина қызметкерлерінің штаты.
7. Жеке тұлға үшін – медицина саласында жұмыс істеген жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес (еңбек кітапшасының көшірмесі).


Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметті бастау үшін электрондық хабарламаны қалай алуға болады



Электронды цифрлық қолтаңба алу қажет



Алматы қаласының кез - келген Халыққа қызмет көрсету орталығына бару




Өзімен бірге




Жеке куәлігінің түпнұсқасын және көшірмесін



Қызметке тағайындалуы туралы бұйрық



Басшы болмаған жағдайда, сенімхат алу



Флеш құралы

ЭЦҚ алғаннан кейін

www.elicense.kz сайтына тіркеліп хабарлама алу керек